

## Жанайдар Сәдуақасовтың туғанына 125 жыл

# Алаш қайраткеріне мың тағзым

Кітапханамызда «Парасат жолы» жобасы аясында тауқыметті тағдыры тарихқа айналған тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері, саяси репрессия құрбаны Жанайдар Сәдуақасовтың туғанына 125 жылдық мерейтойына арналған тарихи сағат болып өтті.

Шарада Жанайдар Сәдуақасовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты деректер айтылып, 6 сынып оқушысы Айару Момынова мазмұнды баяндама жасалды. «Алаш қайраткеріне мың тағзым!» атты кітап көрмесі жасалып, кітапханашы Сағат Кеншімова көрмеге библиографиялық шолу жасап өтті. Жанайдар Сәдуақасов 1932 жылы аштық басталғанда, 1937 саяси қуғын-сүргін кезеңінде қазақтың жоғын жоқтап, қазақтың азаматтарын қорғады. Халықты ашаршылықтан аман сақтап қалу үшін азық-түлік көмегін ұйымдастырды. Осы еңбектерінен қарап-ақ, Жанайдар Сәдуақасовтың кеңестік идеологияға емес, халыққа қызмет еткенін бағалап, түсінуіміз керек екенін оқушыларға түсіндіріп айтып өтті.

**Байдалы би ауылдық округінің үлгілі кітапханасы**